

2026. 13 (1)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2026  
© Авторлар ұжымы, 2026

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Мунинов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 1, pp. 195-210, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_195-210](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_195-210)

## FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956)

Myrzabekova Ryskeldy<sup>1</sup>, Zhakupova Gulnaziya<sup>2</sup>, Rakhmonkulova Zumrad<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Cand. Sc. (History), Professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-8479-1505>. E-mail: [myrzabekovaryskeldy@gmail.com](mailto:myrzabekovaryskeldy@gmail.com)

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Cand. Sc. (History), Associate professor  
 <https://orcid.org/0000-0003-1519-9043>. E-mail: [gulnaztolgaevna777@gmail.com](mailto:gulnaztolgaevna777@gmail.com)

<sup>3</sup>National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek  
(4, Almazar district, 100174 Tashkent, Uzbekistan)  
Cand. Sc. (History), Professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-8842-6177>. E-mail: [zumradrahmankulova@gmail.com](mailto:zumradrahmankulova@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026

© Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z., 2026

**Abstract.** *Introduction.* The article is devoted to the analysis of the problem of the use of Japanese prisoners of war in industry and construction, who were in the territory of the Kazakh SSR from 1945 to 1956. *Goals and objectives.* A scientific analysis of the trace left by Japanese prisoners of war brought to Kazakhstan in the economy of Kazakhstan. The article determined the state and level of labor productivity of Japanese prisoners of war. The chronological framework of the article is from 1945 to 1956. The article also considered the organizational and legal aspects of the involvement of Japanese prisoners of war in labor. *Results.* The authors of the article note that the labor of prisoners of war was used at industrial and energy facilities of the republic, heavy enterprises for the restoration of transport and infrastructure. In addition, the authors showed the attitude of the local population towards Japanese prisoners based on archival documents and witness data. *Conclusion.* The authors conclude that Japanese prisoners of war contributed to the post-war restoration of the national economy of the Kazakh SSR, despite difficult conditions and restrictions on rights.

**Keywords:** World War II, Japanese prisoners of war, prisoners of war, prison camps, Gulag, Karlag, forced labor

**Acknowledgments.** The scientific article was published as part of a scientific project “AP26198219 Historical-legal research of regional features of detention of prisoners of war during the Second World War in the Kazakh SSR”.

**For citation:** Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z. Forced labor system in the territory of the Kazakh SSR on the example of Japanese prisoners of war (1946–1956) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 195-210. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_195-210

## ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956)

Мырзабекова Рыскелді<sup>1</sup>, Жакупова Гульназия<sup>2</sup>, Байхоразова Зумрад<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор  
ID <https://orcid.org/0000-0001-8479-1505>. E-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
ID <https://orcid.org/0000-0003-1519-9043>. E-mail: gulnaztolgaevna777@gmail.com

<sup>3</sup>Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университеті  
(4-үй, Алмазар ауданы, 100174 Ташкент, Өзбекстан)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор  
ID <https://orcid.org/0000-0001-8842-6177>. E-mail: zumradrahmankulova@gmail.com

© Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мырзабекова Р.С., Жакупова Г.Т., Рахманкулова З.Б., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақала 1945–1956 жылдар аралығында Қазақ КСР аумағында болған жапон соғыс тұтқындарының еңбегін өнеркәсіп пен құрылыста пайдалану мәселесін талдауға арналған. *Мақаланың мақсаты* – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қазақ КСР территориясындағы мәжбүрлі еңбек жүйесін жапон соғыс тұтқындары мысалында көрсету. Мақалада жапон соғыс тұтқындарының жағдайы мен еңбек өнімділігінің деңгейі анықталды. Мақаланың хронологиялық шеңбері 1945–1956 жылдар аралығы. Мақалада жапон соғыс тұтқындарын еңбекке тартудың ұйымдастырушылық және құқықтық аспектілері де қарастырылды. *Нәтижелер.* Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарының еңбегі республикадағы өнеркәсіп және энергетика нысандарында, ауыр кәсіпорындарда, көлік пен инфрақұрылымда пайдаланылды. Архив құжаттары мен куәгерлер деректері негізінде жергілікті халықтың жапон тұтқындарына деген көзқарасы көрсетілді. *Қорытынды.* Қиын жағдайлары мен құқықтарының шектелгеніне қарамастан жапон тұтқындары соғыстан кейінгі Қазақ КСР халық шаруашылығын қалпына келтіруге өз үлесін қосты.

**Түйін сөздер:** Екінші дүниежүзілік соғыс, жапон соғыс тұтқындары, әскери тұтқындар, тұтқын лагерлері, ГУЛАГ, Карлаг, мәжбүрлі еңбек

**Алғыс.** Ғылыми мақала, AP26198219 – «Қазақ КСР аумағында Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындарын ұстаудың аймақтық ерекшеліктерін тарихи-құқықтық тұрғыдан зерттеу» атты ғылыми жобаның есебінен жарияланды.

**Дәйексөз үшін.** Мырзабекова Р.С., Жакупова Г.Т., Рахманкулова З.Б. Қазақ КСР территориясындағы мәжбүрлі еңбек жүйесі жапон соғыс тұтқындары мысалында (1946–1956) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 195-210 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_195-210

## СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.)

Мырзабекова Рыскелды<sup>1</sup>, Жакупова Гульназия<sup>2</sup>, Рахманкулова Зумрад<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им аль-Фараби  
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-8479-1505>. E-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им аль-Фараби  
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, доцент  
 <https://orcid.org/0000-0003-1519-9043>. E-mail: gulnaztolgaevna777@gmail.com

<sup>3</sup>Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбек  
(д. 4, Алмазарский район, 100174 Ташкент, Узбекистан)  
Кандидат исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-8842-6177>. E-mail: zumradrahmankulova@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч.Валиханова, 2026

© Мырзабекова Р.С., Жакупова Г.Т., Рахманкулова З.Б., 2026

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена анализу проблемы использования труда японских военнопленных в промышленности и строительстве на территории Казахской ССР в период 1945–1956 годов. *Цель и задачи исследования* – проанализировать систему принудительного труда на территории Казахской ССР на примере японских военнопленных. В статье определено состояние и уровень производительности труда японских военнопленных. Хронологические рамки исследования охватывают 1945–1956 годы. В статье также рассмотрены организационные и правовые аспекты привлечения японских военнопленных к труду. *Результаты.* Труд военнопленных использовался на промышленных и энергетических объектах республики, тяжелых предприятиях для восстановления транспорта и инфраструктуры. На основании архивных документов и данных свидетелей показан отношение местного населения к японским военнопленным. *Выводы.* Несмотря на тяжелые условия и ограничения прав японские военнопленные внесли свой вклад в послевоенное восстановление народного хозяйства Казахской ССР.

**Ключевые слова:** Вторая мировая война, японские военнопленные, военнопленные, лагеря для военнопленных, ГУЛАГ, Карлаг, принудительный труд

**Благодарность.** Научная статья опубликована в рамках научного проекта «AP26198219 Историко-правовое исследование региональных особенностей содержания военнопленных Второй мировой войны на территории Казахской ССР».

**Для цитирования:** Мырзабекова Р.С., Жакупова Г.Т., Рахманкулова З.Б. Система принудительного труда на территории Казахской ССР на примере японских военнопленных (1946–1956) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 195-210. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_195-210

### Кіріспе

Жапон соғыс тұтқындарын мәжбүрлі еңбекке тарту мәселесі шетелдік, кеңестік, отандық тарихнамада өзекті тақырыптардың бірі. КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде тоталитарлық режимнен демократияға көшкен егеменді мемлекеттер өткен тарихты, соның ішінде дүниежүзілік соғыстар тарихын қайта зерттей бастады. Қазақстан ғылымы да дүниежүзілік соғыстар кезіндегі халықтар мен жеке тұлғалардың тағдырын, соғыс тұтқындарының тарихын

идеологиялық астарсыз, жаңа көзқараспен зерттеуге мүмкіндік алды. Соның ішінде, жапон әскери тұтқындарының тарихын зерттеу бүгінгі таңда өзекті болып қала береді. Қазақстанда қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен жапон соғыс тұтқындарының саны, жерленген орындары әлі де нақтылауды қажет етеді. Әскери тұтқындарды НКВД лагерьлеріне орналастыру, мәжбүрлі еңбекке пайдалану мәселелері де шетелдік және отандық тарихнамада жеткілікті түрде зерттелмеген. Бұл архив құжаттарының қолжетімсіздігімен байланысты. Соғыс тұтқындарына қатысты құжаттар 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында құпиясыздандырылғанымен, архивте әлі күнге дейін зерттеушілерге қолжетімсіз материалдар бар. Мысалы, Ішкі Істер Халық комиссариатының (НКВД) тергеу материалдары құпиясыздандырылмаған. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан аумағында болған соғыс тұтқындарының тарихын зерттеу өзекті, әрі ғылыми қажеттілігі бар мәселе.

1946 жылы 18 наурызда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытудың 1946–1950 жылдарға арналған төртінші бесжылдығын бекітті. Соғыстан кейінгі бесжылдық жоспар ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіру мен дамытуға, шикізатты игеруге, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бүлінген инфрақұрылым мен тұрғын үй қорын қалпына келтіруге басымдылық берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс зардаптарының бірі экономиканы қалпына келтіруге қажетті еңбекке жарамды күштің тапшылығы еді. Сондықтан, соғыс тұтқындарының еңбек күшін пайдалану туралы шешім қабылданды. Әскери тұтқындарды КСРО экономикасына пайдаланудың негізгі қағидалары Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1945 жылы 4 маусымда қабылданған «Әскери тұтқындарды еңбекке пайдалану және әскери тұтқындар лагерлерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету шаралары туралы» №. 8921сс қаулысында айқындалды (РФМА. 9401-к., 1а-т., 185-іс, 34-п.). Бұл қаулыда шетелдік әскери тұтқындарды жұмыс күші ретінде пайдалану өнеркәсіп қажеттіліктеріне және Екінші дүниежүзілік соғыс салдарын жою жөніндегі міндеттерді орындауға бағындырылуы қажет екендігі көрсетілді.

Ішкі істер Халық Комиссариатының № 0249 бұйрығы бойынша 1945 жылдың 29 қыркүйегінде «Әскери тұтқындардың еңбегін пайдалану туралы Ереже» қабылданды (Военнопленные в СССР, 2000: 634). Ереже КСРО-дағы шетелдік әскери тұтқындардың еңбегін ұйымдастыруға негіз болған бірқатар қағидаларды бекітті. Бірінші қағида бойынша, тұтқындардың жұмыстан бас тартуы немесе немқұрайлы ұстанымы жазаланды. Екінші қағидаға сәйкес, әскери тұтқындардың барлық шығындары өз еңбектері арқылы өтелетін болды. Үшінші қағида бойынша, тұтқындардың еңбек күшін пайдалану олардың физикалық ерекшелігіне тәуелді болды.

Қазақ КСР территориясындағы лагерьлерге Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындары – немістер, жапондар, итальяндар, румындар т.б. әкелінді. Олар мәжбүрлі еңбекке тартылды. Соғыс тұтқындарының ішінде Қазақ КСР экономикасында өзіндік із қалдырған жапондар болды.

### **Материалдар мен тәсілдер**

Мақалада жарияланған деректер жинағы мен архив құжаттары пайдаланылды. Сондай деректің бірі – ғылыми айналымда бар, соғыс тұтқындарына қатысты ұстанымды реттейтін Потсдам декларациясы, Женева Конвенциясы және Гаага конвенциясы (Сборник документов, 1984: 357–359.; Японские военнопленные в СССР, 2013: 784; Международное право в избранных документах, 1957). Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіндегі «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті» және «ҚР Президент әкімшілігі» қорлары және соғыс тұтқындарымен тікелей жұмыс жасаған әскери адамдардың жарияланған естеліктері пайдаланылды. Архив құжаттары арқылы 1945–1956 жылдар аралығындағы соғыс тұтқындарына қатысты мемлекет саясатындағы ұстаным мен өзгерістер анықталды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ғылыми объективтілік қағидаларына негізделді. Дереккөздерден алынған ақпарат саяси немесе идеологиялық ұстанымдарға сүйенбей бейтарап бағаланды. Мақалада жалпы ғылыми – анализ, синтез, құрылымдық-функционалдық

талдау және нақты тарихи – хронологиялық және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Бұл Қазақ КСР аумағында болған жапон әскери тұтқындарының тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Құрылымдық-функционалдық талдау жапон соғыс тұтқындарымен ішкі істер органдарының қарым-қатынасын, олардың иерархиясы мен функцияларын анықтады. Жүйелілік тәсіл Қазақ КСР территориясында болған жапон соғыс тұтқындары туралы ақпаратты сұрыптауға мүмкіндік берді.

### Талқылау

Бұл мақаладағы тарихнамалық талдау негізінен мәжбүрлі еңбек жүйесіне қатысты зерттеулермен шектеледі.

*Қазақстан тарихнамасы.* Қазақстан тарихнамасы үшін әскери тұтқындардың тарихы салыстырмалы түрде алғанда жаңа. Бұл мәселені зерттеу ХХ ғасырдың 90-шы жылдары, бұрын құпия болған құжаттарға зерттеушілер қол жеткізу мүмкіндігін иеленгенде пайда болды. Әскери тұтқындар еңбегі арқылы мәжбүрлі еңбек жүйесін қалыптастыру мәселесі ғылыми мақалаларға арқау болды (Касымбек, 1992: 206–208; Алдажуманов, 1998: 222–239).

Қазақстандағы әскери тұтқындардың тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу 2000 жылдары орын алды. Ғалымдар зерттеулерінде мәжбүрлі еңбектің тиімсіздігін көрсетті (Абылханов, 2005: 12–18). Бірқатар зерттеушілер осы кезеңдегі халық шаруашылығының статистикалық мәліметтерін республиканың экономикалық әлеуетімен байланыстыра отырып қорытындылар шығарды (Козыбаев, 2000).

Қазақ КСР қалаларының құрылысына әскери тұтқындарды пайдалану мәселесі, әскери тұтқындардың наразылықтары және Қазақстандағы ГУПВИ жүйесінің қалыптасуы зерттелді (Жангуттин, 2008: 107–114). Бұл зерттеулер арқылы Қазақ КСР территориясындағы ГУПВИ жүйесінің қалыптасу тарихы, экономикаға соғыс тұтқындарының қосқан үлесі анықталды. Қазақстандағы ГУПВИ жүйесінің қалыптасу тарихы арқылы авторлар Ресейдің бірқатар мұрағаттарынан алынған материалдарды ғылыми айналымға енгізді. Бұл Қазақстандағы ГУПВИ жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

2011 жылы Қазақ КСР аумағындағы жапон соғыс тұтқындары туралы құжаттар жинағы жарық көрді. Қарағанды облысындағы НКВД (МВД) лагерлері туралы архив материалдары жарияланды (Японские военнопленные в Карагандинской области, 2011).

Орталық Қазақстан лагерьлеріндегі шетелдік әскери тұтқындарды орналастыру, ұйымдастыру және еңбек жағдайлары, материалдық-тұрмыстық жағдайлары мен медициналық қамтамасыз етілуі кандидаттық диссертациялар шеңберінде зерттелді (Михеева, 2007). Л.В. Михеева шетелдік әскери тұтқындар соғыстан кейінгі кезеңде КСРО-дағы негізгі жұмыс күші болғанын және аймақтың дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтеді. Қазақстан аумағындағы тұтқындар лагерлерінің тарихы бойынша докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды (Дильманов, 2002; Елеуханова, 2009).

Қазақстан зерттеушілері аймақтық архив құжаттары арқылы Шығыс Қазақстан мен Қарағанды аймағындағы тұтқындардың мәжбүрлі еңбегін ғылыми мақалалар ауқымында зерттеді (Жанбосинова, 2011: 29–32.; Жанбосинова, 2014: 24–29).

Жапон соғыс тұтқындарының Қазақстан аумағына келген мерзімі де зерттеулерге арқау болды. Мысалы, Н. Дулатбеков алғашқы 3 мың жапон соғыс тұтқындары Алматыға 1939 жылы, Халкин-Гол ұрысынан кейін келді деген мәлімет береді. Зерттеуші Р. Бекмағамбетов № 40 лагерьдегі жапон әскери тұтқындарының алғашында Қарағанды облысына орналасқанын, 1946 жылдан бастап Алматыға ауыстырылғанын айтады (Бекмағамбетов, Бекмағамбетова, 2014). Соғыс тұтқындарын Қазақстан территориясына әкеліп, оларды мәжбүрлі еңбек жүйесіне тарту мәселесі Р. Бекмағамбетовтың монографиялық зерттеуіне негіз болды (Бекмағамбетов, 2014). Автор республиканың экономикалық әлеуетін көтеруге соғыс тұтқындарының жұмыс күшін пайдалану мәселесін Қазақстанның соғыс және соғыстан кейінгі кезеңінің ерекшелігімен байланыстырды.

Соғыс тұтқындары тарихына қатысты құжаттар Қазақстан зерттеушілеріне егемендік кезеңінде қолжетімді болғандықтан, ғалымдар кеңестік стереотиптердің қысымына ұшырамай

объективті зерттеді. Қазақстан тарихнамасы соғыс тұтқындары арасында жапондарды аймақтық архивтердің құжаттары арқылы белсенді зерттегенімен, соғыс тұтқындарын соттау және жазалау, саяси тәрбие, үгіт-насихат жұмыстары, репатриация мәселесі архив құжаттарының қолжетімсіздігіне байланысты толыққанды зерттеулерді күтіп тұр.

*Ресей тарихнамасы.* Ресей тарихшыларының соғыс тұтқындарына қатысты зерттеулерінің ішінде заңгер В. Галицкийдің еңбегі ерекшеленеді. Ол ғылыми айналымға енгізілген архив құжаттары арқылы тұтқынға алынған, отанына қайтарылған жапондардың санын анықтады, КСРО аумағында қайтыс болған соғыс тұтқындарына қатысты статистиканы талдады. В.Галицкий тұтқындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету, медициналық бақылау, моральдық-психологиялық жағдай, идеологиялық тәрбие жұмысын зерттеу нысаны ретінде алған. Зерттеуші алғаш рет соғыс тұтқындары мәселесінің құқықтық астарына көңіл аударды (Галицкий, 1999: 18–33). Жапон соғыс тұтқындарының мәжбүрлі еңбегін халық шаруашылығында пайдалануын зерттеді (Галицкий, 1990: 66). В.П. Галицкий ГУЛАГ тұтқындарын арзан жұмыс күші ретінде пайдалануға елдегі экономикалық дағдарыс ықпал етті, - деген қорытынды шығарады. Сонымен қатар, авторға кеңестік дәуірдің идеологиялық ережелері ауыртпалық түсіргенін айта кету керек. В.П. Галицкий жапондарға қатысты құжаттарды талдағанда Кеңес өкіметінің әскери тұтқындарға қатысты саясатын біржақты талдады, зерттеуші жапондарды соғыс тұтқындары деп есептеді. КСРО-ның репатриацияны 1956 жылғы КСРО-Жапония декларациясына дейін созуын 1929 жылғы Женева Конвенциясының 75 бабы арқылы ақтады.

1980–1990 жылдары соғыс тұтқындарын жұмыс күші ретінде пайдалануды О.Д. Базаров (Базаров, 1997: 55–64), Е.Ю. Бондаренко (Бондаренко, 2002), С.И. Кузнецов (Кузнецов, 1997) Иркутск, Бурятия және Қиыр Шығыс аймақтарының материалдары бойынша зерттеді. Бурятия, Иркутск, Чита аймақтарына қатысты архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізді. С.И. Кузнецов жапондарды соғыс тұтқындары деп атайды, бірақ заң жүзінде интернацияға ұшырады деп көрсетеді. Зерттеулер КСРО-дағы әскери тұтқындар лагерлерінің орналасу географиясын, санын, жұмыс күші ретінде пайдалану түрлерін, лагерь өмірін, репатриация жүргізу ерекшелігін анықтады.

Әскери тұтқындардың еңбегі және КСРО-ның халық шаруашылығында қолданылуы С.Г.Сидоров еңбегінде зерттелді (Сидоров, 2001). Ғалым Ресейдің орталық архивтеріндегі құжаттарды пайдалана отырып жапон соғыс тұтқындарының еңбек жағдайын, күнделікті өмірін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жұмыстарындағы соғыс тұтқындарының еңбегін, өлім-жітім статистикасын көрсетті.

XXI ғасырда соғыс тұтқындарына қатысты зерттеулердің бағыттары өзгере бастады. Тұтқындардың күнделікті өмірі, денсаулығы, травма алуы, өлім-жітім мәселесі, медициналық қызмет, өндірістегі еңбек көрсеткіштерінің тұрмыс жағдайына ықпалы, идеологиялық жұмыс сияқты мәселелер зерттеле бастады (Маркдорф, 2008: 1131–1140; Маркдорф, 2010: 218–223); Н.А. Ширшев (Ширшев, 2018: 197–206); М.А. Орлов (Орлов, 2008: 154–157). Жапон соғыс тұтқындарының БАМ құрылысын салуға қатысуы зерттелді.

XXI ғасырдағы Ресей зерттеушілерінің еңбегінен тұтқындардың жағдайы, еңбек өнімділігі, әлеуметтік ортаға икемделуі, еңбек этикасы көрініс алды (Гучинова, 2016). Соғыс тұтқындарын ұстау халықаралық-құқықтық жүйе көзқарасы тұрғысынан зерттелді (Кузьминых, 2016). Монографияда тұтқын лагерь социумы ретінде алынып, жазалау және бақылау ұйымдары мен мекемелерінің жұмысы арқылы мәжбүрлік жағдайдағы адамның мінез-құлқының өзгеріске ұшырауы қарастырылды. КСРО-дағы соғыс тұтқындары мәселесінің саяси-құқықтық реттелуі, бақылау, жазалау жұмыстары, идеологиялық тәрбие және лагерь жағдайында өмір сүруінің ұжымдық тәжірибесі зерттелді.

Ресей зерттеушілерінің пікірлері жапон соғыс тұтқындарының санына, КСРО-ның жапон тұтқындарына қатысты ұстанған саясатына байланысты біржақты емес. Мысалы, В. Галицкий, КСРО жапон тұтқындарына қатысты адамгершілік көзқарас нормаларын ұстанды деп көрсетсе, С. Кузнецов керісінше, тұтқындардың жағдайын жақсарту басты назарда болған жоқ, -деген пікірде.

*Батыс тарихнамасы.* Жапон солдаттары мен офицерлерінің 1945–1956 жылдар аралығында КСРО-ның мәжбүрлі еңбек лагерлерінде болуы шетелдік тарихнамада «Сібір интернациясы» деген атпен белгілі. 1988 г. Уильям Ниммо жеке текті архив құжаттары арқылы «Сібір интернациясы» тақырыбына монографиялық зерттеу арнады (Nimmo, 1988). Монографияда идеологиялық үгіт-тәрбие жұмысы, репатриация мәселесі зерттелді.

Э. Баршэй мемуарларды зерттеу арқылы адамның мінез-құлқындағы өзгерістерді зерттеді. Бұл тұтқыннан келген жапондардың естеліктері арқылы жазылған ғылыми деректанулық еңбек болды (Barshay, 2013). Батыс ғалымдары репатриация мәселесіне, КСРО-ның жапон әскери тұтқындарына қатысты жүргізген саясатын зерттеуге басымдылық берді.

*Жапон тарихнамасы.* Жапондар күштеп тұтқындау процесін «Сібір интернациясы» деп атап, бұл жағдайдың заңсыздығын көрсетеді. Жапонияда соғыс тұтқындарының тарихы мен тағдырына арналған зерттеулер тарихшылар мен журналистер тарапынан жүргізілді. Жапон тарихнамасында бұл мәселеге қатысты екі ұстаным бар. Бірінші ұстаным бойынша, «Сібір интернациясы» кеңес-жапон қатынастарына әсер еткен оқиға ретінде зерттелсе, екінші ұстаным бойынша, «Сібір интернациясы» жеке адам тағдыры көзқарасынан зерттелді. Жапониядағы осы мәселеге қатысты алғашқы зерттеулердің бірі Ясуо Вакацукидің «Сібірдегі әскери тұтқындар лагері» еңбегі (Вакацуки, 1979). Бұл соғыс тұтқынын басынан өткізген адам емес, тарихшы ретінде талдаған еңбек. Ол тұтқында болған 600 мың жапон солдаттары мен офицерлерінің санын көрсетеді.

Соғыс тұтқынын басынан өткізген адамдар мен олардың жанұяларының естеліктері арқылы тұтқында болудың психологиялық, заңдық, адамгершілік тұстарын ашқан зерттеу Тосио Курихараның еңбегі (Тосио, 2009). 2005 жылы Гундзи Абэнің күштеп интернациялау мәселесіне қатысты еңбегі жарық көрді (Абэ, 2005). Бұл зерттеу еңбек жағдайына, тұтқындардың күнделікті қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесіне арналды. Г.Абэ зерттеуінің қорытындысы «Японские военнопленные и принудительный труд в СССР после Второй мировой войны» деген ұжымдық зерттеуде «Бейбітшілік және Келісім» қорының қолдауымен жарық көрді (Japanese Internees and Forced Labor in the USSR after the Second World War, 2008).

Ёсикуні Игараси (Игараси, 2012) еңбегінде репатриация мәселесі зерттелді. Синдзи Ёкотэ мақаласында Жапонияның «қырғи-қабак» соғысқа тартылуын әскери тұтқындар мәселесімен байланыстырды (Ёкотэ, 2013: 30–50). Ёкотэ, Кеңес Одағының репатриация мәселесін кешіктіруі Жапония мен Америка Құрама Штаттарының қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын дамытуға ықпал етіп, барлық келіспеушіліктерді артқа тастады, - деген қорытынды шығарады. Яғни, КСРО репатриация мәселесі арқылы АҚШ пен Жапонияны жақындастырды.

«Сібір интернациясы» тақырыбына Жапонияда қызығушылық болғанымен, ғылыми тарихнама қалыптаспаған. «Сібір интернациясына» қатысты әртүрлі форматтағы естеліктердің ғылыми жұмыстарға қарағанда көп болуын, зерттеуші Томита Такэси, бұл тақырыптың 1990 жылға дейін саяси тақырып болуымен байланыстырады (Такэси, 2011: 592–609).

Жапон тарихшылары мен публицистерінің еңбектері жеке мемуарларға негізделген. Жапондардың КСРО экономикасына қосқан мәжбүрлі еңбегінің үлесін бағалау, репатриацияны ұйымдастыру, тергеу жұмыстары жапон тарихнамасында зерттелмеген. Жапон зерттеушілері кеңестік әскери тұтқындар жүйесінің ішкі жұмыс істеу механизмдерін зерттемейді. КСРО-дағы әскери тұтқын жүйесінің қызметін Г. Абе мен Т. Такэши ғана ішінара зерттеген. Жапон ғалымдары соғыс тұтқындарына қатысты ғылыми ізденістерінде көбінесе АҚШ және ағылшын зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенеді. Бұл КСРО архивтерінің жапондар үшін қолжетімсіздігімен, қазіргі жапон зерттеушілерінің қолында архив құжаттарының болмауымен байланысты болуы мүмкін. Сол себепті, жапон тарихнамасы негізінен тұтқында болған жапондардың естеліктерінен, хаттарынан тұрады.

Сонымен, жапон соғыс тұтқындарының тарихына қатысты естеліктер жапон тарихнамасының ерекшелігін құрайды. Бұл естеліктер субъективті пікірді бергенімен лагерьдің ішкі өмірін көрсететін құнды материал болып табылады. Қазіргі таңда Жапонияда соғыс

тұтқындарының естеліктері жарияланған екі мың еңбек бар. Бұрынғы соғыс тұтқындарының Ассоциациясы және Қауымдастығы жыл сайын Бюллетень шығарып тұрады. Бұл соғыс тұтқындарының жеке естеліктері. Бюллетень материалдары зерттеушілерге жеке мемуарлық сипаттағы дерек бола алады. Периодикалық баспа материалдарында да бұл тақырып жиі көтеріліп тұрады. Бұл жапондардың соғыс тұтқындары тақырыбына деген қызығушылығының жоғалмағандығын көрсетеді.

### Нәтижелер

КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1945 жылғы 23 тамыздағы № 9898сс қаулысымен соғыс тұтқындары Кеңес Одағының 30 аймағына, соның ішінде бір бөлігі Қазақстанға жіберілді. 1945 жылы Қазақ КСР аумағына 54 6086 жапон соғыс тұтқындарын алып келді (ҚР ПА. 5Н-қ., 1/1-т., 1383-2 іс, 19-п.). 1945 жылғы 28 тамызда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Жапон әскери тұтқындарын республиканың өнеркәсіп орындарына орналастыру және еңбекке пайдалану туралы» қаулы қабылдады. Осы оқиғаларға қатысты құжаттар Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақтаулы. Қазақстан КП ОК (№. 708) қорында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының материалдарының құрамындағы арнайы папкаларда 1945 жылғы 28 тамыздағы «Жапон әскери тұтқындарын республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарына орналастыру және еңбекке пайдалану туралы» қаулысы сақталған (ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 8-іс, 25-п.).

Жапон әскери тұтқындарын Қазақ КСР экономикасына пайдалану соғыстан кейінгі саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болды. Олардың жасын, жынысын, дәрежесін және физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, еңбек күші ретінде пайдалануға рұқсат етілді. Әскери тұтқындарды өндіріс нысандарына бөлуді НКВД жүйесіндегі негізгі құрылым ОСМУ (арнайы құрылыс-монтаж бөлімдері) реттеді.

Қазақ КСР лагерьлеріндегі соғыс тұтқындарының ұлттық құрамы әртүрлі болды, көпшілігі немістер мен жапондар еді және басым бөлігі еңбекке жарамды 18–45 жас аралығындағы ер адамдар болды. 1945–1949 жылдар аралығында Қазақ КСР аумағындағы лагерлерде ұсталған жапон әскери тұтқындары КСРО НКВД-МВД әскери трибуналының шешімімен РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-6 және 58-4-баптары бойынша мемлекеттік қылмыс жасағаны үшін сотталғандар қатарына жатқызылды (ҚР ПА. 5-Н-қ., 6-т., 1383-іс, 56-п.).

Архив деректерінде тұтқындардың (58 900 адам) Қазақ КСР аумағы бойынша таралу барысын, сондай-ақ бірінші эшелонның Семей облысына және 25 000-ға жуық адамның – Қарағанды, Жезқазған, Шығыс Қазақстан, Алматы және Жамбылға орналастырылуы көрсетілген (ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т., 8-іс, 25-п.). Бұл жағдай әскери тұтқындарға арналған ГУПВИ лагерьлер жүйесін кеңейтуге түрткі болды. Осы кезеңде лагерьлерге реттік нөмірлер беріліп, арнайы құрылымдар қалыптаса бастады.

Қазақстан аумағында алғашқы әскери тұтқындарды қабылдауға арналған лагерьлер қатарында Қарағанды облысындағы № 99 Спасск лагері мен Ақтөбедегі № 222 лагерь болды. Шығыс Қазақстанда тұтқындарға арналған № 347 және № 45 нөмірлі екі лагерь құрылды. Жалпы алғанда, республика аумағында 7 лагерь басқармасына бағынатын 50 бөлімше жұмыс істеді (ҚР ПА. 5Н-қ., 1/1-т., 1384-іс, 2-п.).

Қарағанды қаласындағы Спасск лагері 1941 жылы 24 маусымда Карлаг департаментінің құрамында болды. Тамыз айында бұл лагерьге тұтқындардың алғашқы эшелоны келді (Елеуханова, 2009). Спасск – Қазақстандағы ең үлкен тұтқындар лагері еді. 1941–1950 жылдар аралығында лагерде шамамен 70 мың тұтқын, оның ішінде 30 мыңға жуық неміс, 22 мың жапон, 6 мың румын және 1600-ге жуық австриялықтар болды. Ұлты француз, итальян, литов, чех және венгр тұтқындары да болған (Михеева, 2007).

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві қорында сақталған материалдар негізінде Қазақ КСР-нің бүкіл аумағындағы әскери тұтқындар лагерлерінің, арнайы госпитальдардың, жекелеген еңбек батальондарының және роталарының орналасқан жерін анықтауға болады: Әскери тұтқындар лагері – Оңтүстік Қазақстан облысы ӨМВД: Пахта-Арал

ауылы (Түркістан қаласының № 29 ВД лагері, № 29 ВД лагері бөлімі, № 348 лагері); Қарағанды облысының ӨСБҚК: Балқаш қаласы (№ 37 ОҚБ лагері, бір лагерь бөлімі), Қарағанды қаласы (№ 99 МВД лагері), Жезқазған қаласы (№ 39 ОҚБ лагері); Шығыс Қазақстан облысы ӨМҚБ: Өскемен қаласы (№ 45 ОҚБ лагері), Лениногор қаласы (№ 347 ОҚБ лагері); ПМ Ақтөбе облысы бойынша департаменті (№222 ПМ лагері), Ақмола қаласы (№330 ПМ лагері). Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстарының, Алматы қаласының лагерь бөлімшелері (№ 40 ПД лагері, 10 лагерь бөлімі). Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе, Көкшетау, Ақмола, Жамбыл облыстары басқармаларында жеке еңбек батальондары мен арнайы госпитальдар болды (ҚР ПА. 5Н-қ., 1/1-т., 384-іс, 2-п.).

Тұтқындардың еңбегін Қарағанды облысындағы Қазақ металлургиялық комбинаты, Жезқазған мыс балқыту зауыты, Өскемен мырыш зауыты, Ащысай және Лениногор полиметалл комбинаттары, Текелі қорғасын зауыты, Қаратау мұнай комбинаты, Қарағандыуголь тресті және басқа да көптеген кәсіпорындар пайдаланды.

Жапон әскери тұтқындарының еңбегін пайдаланудың басым салалары мен құрылыс жобалары 1945 жылдың тамызында № 9898ss Мемлекеттік қорғаныс бұйрығында анықталған. Республиканың 18 ірі өнеркәсіп нысаны, оның ішінде «Прибалхашстрой», «Қарағандыуголь», «Жезқазған комбинаты», Түркісіб және басқа мекемелер жапон әскери тұтқындарының жұмыс орындарына айналды. 15 000 тұтқын Мемлекеттік қорғаныстың № 9898 бұйрығына сәйкес Өскемен және Зыряновскийдің құрылыс және түсті металлургия саласында жұмыс істеу үшін қосымша жіберілді (Ким, 2016). Қарағанды облысының металлургия комбинаты, Жезқазғандағы мыс балқыту зауыты, Өскемендегі мырыш зауыты, Ащысайдағы полиметалл комбинаты, Лениногорск полиметалл комбинаты, Қаратау, Батыс Қазақстанның мұнай кәсіпорындары, «Қарағандыуголь» шахталары жапон әскери тұтқындарын пайдаланудың негізгі нысандары болды. Сонымен қатар, ағаш кесу, тау-кен өнеркәсібіне және кеңестік экономиканың өндіруші салаларын дамытуға, тұрғын үй құрылысына қажетті инфрақұрылымды қалпына келтіруге жұмсалды.

Әскери тұтқындарға арналған алғашқы лагерьлер Шығыс Қазақстан өңірінде де орналасты. Зерттеулерге сәйкес, 1946 жылдың қысы мен көктемінде осы өңірде тұтқындарды қабылдауға дайындық жұмыстары басталған. Әскери тұтқындар еңбегін пайдалануға құрылыс саласының кәсіпорындары, түсті металлургия, ауыр өнеркәсіп және жергілікті басқару органдары мүдделі болды.

Алматыда жапон әскери тұтқындарының пайда болуы туралы куәгерлердің естеліктері бар. Қазақ КСР Ішкі Істер министрлігінің бұрынғы қызметкері Андрей Черновтың естелігі бойынша, Квантун армиясының жеңілісінен кейін екі-үш ай өткен соң, яғни 1945 жылдың аяғында жапон армиясының қатардағы жауынгерлері Алматыға жеткізілген. Чернов Алматыда соғыс тұтқындары болған жерлерді де сипаттайды: «Қазіргі энергетика және байланыс институтының аумағында, ет комбинатының маңында, сондай-ақ ауыр машина жасау зауыты (АЗТМ) мен вагон жөндеу зауыты салынып жатқан аумақтарда. Тұтқындар тұратын аумақтар биік қоршаулармен және тікенек сымдармен қоршалған (Витвицкий, 1993).

Қазақ КСР-і үлкен көлемдегі тұтқындарды бір мезетте қабылдауға дайын болмады. Лагерь басшылығы әскери тұтқындардың еңбек әлеуетін толық пайдалану жолын іздестіргенімен, олардың қауіпсіздік жағдайына жеткілікті назар аударған жоқ. Лагерьлердің көпшілігінде еңбек қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ескерілмеді. Тас өндіру саласында арнайы қорғаныс қолғаптары мен құрылғылардың жетіспеушілігі, техникалық құралдардың ескіруі, орыс тілін меңгермеуі, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі жазатайым жағдайлардың негізгі себептері болды. Бұл өз кезегінде жұмыс өнімділігінің төмендеуіне әкелді. Жазатайым оқиғалар туралы нақты статистика сақталмаған, саны арнайы есепке алынбаған сияқты.

Лагерь қысқа мерзімде және қажетті дайындықсыз ұйымдастырылғандықтан, белгілеген стандарттарға толық сәйкес келмеді. Сонымен қатар, тұтқындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету қиынға соқты, өмір сүруге қажетті ең қарапайым жағдайлар жасалмады. Бұл жағдайлар тұтқындар арасындағы өлім-жітімнің артуына себеп болды. Мысалы, Қарағанды

облысындағы No. 99 НКВД лагері 1945 жылы көліктің жоқтығынан азық-түлік тапшылығының зардабын көрді (ҚР ПА. 708-қ., 9-т., 164-іс, 49-50 п-п.). Кейбір кәсіпорын басшыларының еңбекті ұйымдастыруға салғырт қарауы, еңбек тәртібінің әлсіреуіне, лагерьді басқару сапасының төмендеуіне әкелді. ГУПВИ ережелері мен нұсқаулықтарына сәйкес, лагерь дирекциясының құрылымына саяси, қаржы-шаруашылық, жедел-тексеру, жоспарлау, өндіріс, санитарлық, жабдықтау, көлік және есеп бөлімдері кірді. Бұл құрылым әскери тұтқындарды өндірістік жұмыстарға заңды түрде тартуға, өндірістік тапсырмаларды орындауды жоспарлауға және бақылауға, сондай-ақ күрделі өндіріс нысандарында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге жауапты болды.

Архивте еңбек тәртібін бұзу фактілері де құжатталған. Күніне 10 сағатқа дейін шахтада жұмыс істеген тұтқындар, тасымалдау көлігінің жоқтығынан 4 шақырымға дейінгі қашықтыққа құрылыс материалдарын жаяу тасымалдады. Мысалы, 350 000 кірпіш қолмен тасымалданғандықтан, тұтқындардың физикалық жағдайы әлсіреп, еңбек өнімділігі төмендеген (ҚР ПА. 708-қ., 9-т., 164-іс, 49–50-п.п.). Осындай жағдай барлық НКВД лагерь бөлімшелерінде болды.

Жапон әскери тұтқындары Алматыда қысқа мерзімде бірнеше маңызды нысандар салды. Мысалы, қазіргі Төле би көшесі (бұрынғы Комсомольская), Қарасай батыр көшесі (бұрынғы Виноградов) және Жамбыл көшелерінде кез келген жер сілкінісіне төтеп бере алатын берік көпқабатты үйлер салды. АЗТМ мен автомобиль жөндеу зауытындағы шеберханалар, шаруашылық ғимараттар, бір қабатты тұрғын үйлер мен Ішкі істер министрлігі ғимараты салынды. Жапондардың еңбегімен ескі әуежай ғимараты, Түркісіб үйі, Ғалымдар үйі, НКВД-МВД қызметкерлерінің саяжай кешендері, Сергей Киров атындағы зауыттың әкімшілік ғимараты және Қазақ КСР Ғылым академиясының ғимараты бой көтерді. Жапондар Қармет, Жезқазған мыс қорыту зауыты, Өскемен мырыш комбинатын, Ащысай, Лениногор полиметалл комбинатын, Текелі қорғасын комбинатын, Қаратау тау-кен химия комбинатын, «Алтайзолото» трестін, Батыс Қазақстанның мұнай кәсіпорындарын, «Қарағандыуголь» трестін салды. Жапондар салған құрылыстар сапасымен ерекшеленді.

Әскери тұтқындарды мәжбүрлі еңбекке тарту кезінде олардың біліктілігі есепке алынған жоқ. Бірақ, жапондардың біліктілігі жоғары болды деген қорытындыға келуге болады. Қазақстанда болған жапон соғыс тұтқындары туралы фильмнің авторы Бақтыбай Жұмаділдин «Самурай қолының жылуы» атты деректі фильмінде жапон соғыс тұтқындарының арасында 89 мамандық бойынша шеберлер болды деген статистика келтіреді. Оның бір дәлелі ретінде Балхаш қаласында жапондар салған 8 үй туралы айтады. Бұл үйдің сапасы жапон соғыс тұтқындары жұмысының сапасы мен біліктілігін көрсетті. Себебі, бұл тұрғын үйлердің архитекторы да, жобалаушысы да, құрылысшылары да жапондар болды. Үйлердің құрылысы аяқталғаннан кейін оған Балқаш қаласының тау-металлургия комбинатының жоғарғы басшылығы орналастырылды. Жапондардың адал еңбегінің куәсі болған жергілікті тұрғындар, олардың еңбек сапасы Батыс Еуропа елдерінің тұтқындарына қарағанда жоғары болды деп есептейді. Бұл ой қорытынды негізсіз емес. Себебі, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Жапонияда өнеркәсіп сәтті дамыды. Тау-кен және өңдеу өнеркәсіптерінің өсу қарқыны жылына 5 пайызға жетті. Соғысқа дейін жапон халқының 90 пайызы қала тұрғыны болды, басым бөлігі кәсіпорындарда жұмыс істеді. Бұл фактор жапон соғыс тұтқындарының біліктілігінің жоғары болуына мүмкіндік берді, - деп болжауға болады.

Лагерь басшылығы, жоспарды асыра орындаған тұтқындар еліне қайтуға артықшылық алады, - деп тұтқындарды еңбек өнімділігін арттыруға ынталандырды. Жапондар осы ұсынысқа сеніп, тиімді жұмыс істеді, өндіріс жоспарларын 120–150 пайызға дейін орындаған жағдайлары болған. Алайда Кеңес Одағының оларды тез қайтару міндеті болған жоқ, отандарына соңғы кезекте қайтарылды.

КСРО басшылығы ақысыз жұмыс күшін пайдаланудың тиімді жолдарын қарастырды. Алайда, жағдайды түпкілікті өзгерту үшін байыпты шаралар қолданылмады. Лагерь әкімшілігі мен құрылыс алаңының басшылары арасында өзара түсіністік, тұтқындар еңбегінің тиімділігін арттыру мақсатына жұмылу ниеті болған жоқ. Архив құжаттарына қарасақ, тұтқындардың

жағдайы мен еңбек тиімділігін анықтайтын негізгі екі мекеме арасындағы өзара түсінбеушілік тұтқындарды қарапайым тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету мәселесінде ғана емес, ұйымдастыру мәселесінде де көрініс алған. Соғыс тұтқындарының еңбегі тиімсіз пайдаланылды, бақылаушы ұйым өкілдері өз қызметін асыра пайдаланды (ҚР ПА. 725-қ. 4-т. 1067-іс. 207-п.). Ресми нұсқаулар мен ережелерге қарамастан, лагерьлерде еңбек қауіпсіздігі жиі бұзылып отырды. Соғыс тұтқындарына қорғаныс киімдері берілмеді, өнеркәсіп қауіпсіздік стандарттары іс жүзінде болмады, тұтқындар жұмыс орнында жиі жарақат алды. Бұл өз кезегінде өндірісті баяулатты. Орыс тілін білмегендіктен, тұтқындар қарапайым қауіпсіздік нұсқауларын түсінбеді, бұл қайғылы салдарға әкеліп, лагерьлердегі өлім-жітімді арттырды.

Лагерьлердегі азық-түлік тапшылығы әскери тұтқындардың онсыз да ауыр жағдайын одан сайын ушықтырды. Дене еңбегінен шаршап, тамақтанбаған тұтқындар көбінесе психикалық күйреудің алдында тұрды. Соғыс тұтқындары диареямен көп ауырды. Себебі, тағам таныс емес еді, күрішке үйренген жапондарға картоп пен қырыққабат берілді. Ауыз судың сапасы да басқаша болды. Алғашында тұтқынға түскен кезде киген киімдерімен, күзгі жеңіл формалармен жұмыс істеді, аяқтарына галош киіп жүрді. Қыста қой терісінен жасалған тондар мен буденовкаға ұқсас үшкір қалпақтар берілді.

Лагерь басшылары жапон менталитетінің ерекшелігін ескеріп, оларды ауыр және күрделі жұмыстарға салды, жапондардың еңбек этикасының ГУЛАГ тұтқындарынан түбегейлі өзгеше екенін тез түсініп, бұл факторды пайдалануды үйренді. Басқа еуропалық әскери тұтқындарға қарағанда кәсіпқойлығы, өз мамандықтары бойынша жоғары біліктілігі, еңбекке деген адал көзқарасы жапондардың еңбегін маңызды нысандарда пайдалануға мүмкіндік берді. Жапондардың корпоративтік рухын пайдаланып лагерь басшылығы социалистік бәсекелестік идеясын қабылдады және жапондардың өзі осы ойынға қалай тартылғанын байқамады. Стаханов қозғалысының үлгісімен ГУПВИ-де «Харадзюку» қозғалысы ұйымдастырылды. Адалдықпен жұмыс жасайтын жапондар норма орындаудың әртүрлі айла-тәсілдерін білген жоқ.

Жапон соғыс тұтқындары үшін Кеңес Одағында өмір сүрген халықтардың құндылықтары түбегейлі түрде өзгеше еді, негізгі өмірлік қағидалары басқаша тұжырымдалды. Еңбек этикасына деген түсінік те қарама-қайшылыққа толы болды. Мысалы, ГУЛАГ тұтқындары, мемлекет үшін мәжбүрлі жұмыс істейтіндерін есте сақтады, сондықтан, пайда әкелуді ойламады. Ал жапон соғыс тұтқындары өздеріне қатыгездікпен қараған мемлекет үшін мәжбүрлі еңбек етсе де, сапалы жұмыс істеуді талап ететін еңбек этикасынан бас тарта алмады. Жапондар басқаша жұмыс істей алмайтын, өйткені олар үшін еңбек адамның қадір-қасиетімен тікелей байланысты еді. Бұл құндылықты олар кішкентай кезінен бойына сіңірді, басқа өмір сүру нормаларын білмеді. Сондықтан, жапондар адал жұмыс істеді, нәтижелері де сапалы болды. КСРО-дағы өмірдің екіұшты стандарттарға сүйенетінін және сөз бен іс көп жағдайда сәйкес келмейтінін жапондар білген жоқ. Жапондар кеңес құрылысшылары сияқты асығыс, сапасыз жұмыс істеу қажеттілігін түсінбеді, олар үшін жоспарды сапалы орындау маңызды болды. Нәтижесінде, жапондар салған ғимараттар берік және ұзақ уақытқа шыдайтындай етіп салынған. Бүгінгі күнге дейін «Жапон соғыс тұтқындары салған үй», - деп айтылғанда, бұл сапаның ең жақсы кепілі болып табылатыны таңқаларлық емес.

Жапон тұтқындары еуропалықтардан бөлек орналастырылды, өзге тұтқындармен аз араласты. Жергілікті халықпен іс жүзінде ешқандай байланыста болмады. Дегенмен, жұмысқа апару, әкелу барысында орын алатын аздаған кездесулер арқылы бағалайтын болсақ, жапон соғыс тұтқындарының жергілікті халықпен қарым-қатынасы жанашырлықпен сипатталады. Бұл жағдай соғыс тұтқындарының естеліктерінде көрініс алған. Жапондар басқа соғыс тұтқындарынан сыпайылығы, еңбекқорлығы, тазалығы және ұқыпты келбетімен ерекшеленді. Жапон соғыс тұтқындары мен жергілікті халықтың байланысын Алматы қаласының мысалында көрсететін болсақ, соғыс тұтқындарын күзеткен А. Черновтың айтуынша, Алматыдағы жапон әскери тұтқындарына қалалықтар аяушылық білдірген. Бірақ қатал режим

тұтқындардың жергілікті халықпен байланысын шектеген. Осыған қарамастан алматылықтар мүмкіндік болған жағдайда тұтқындарға тамақты жасырын беріп тұрған. А. Чернов, 1946–1947 жылдары алманың мол болғандығын, алматылықтардың тұтқындарға алманы жасырын беріп отырғанын еске алады. Алматыдағы жапон соғыс тұтқындарының өмірі тазалық пен тәртіппен ерекшеленгенін көрсетеді. Жапондардың казармасы үнемі жинақы болған, заттары мүлтіксіз сақталған. Қолда бар жер учаскелерінде жапондар көкөніс өсіріп, тіпті гүл отырғызған (Витвицкий, 1993).

Жапон соғыс тұтқындарының лагерь туралы естеліктері ауыр еңбектің көрсеткіші болып табылады. Жапон соғыс тұтқындарының мемуарларында «давай» және «норма» сияқты орыс тіліндегі сөз тіркестер жиі кездеседі. Екі сөз тіркесі де мәжбүрлі еңбекпен тікелей байланысты және «давай!» бұйрық ретінде, «норма» еңбек нәтижесі ретінде естерінде қалды. Жапондардың физиологиясына қатал климаттық жағдайлар үйреншікті емес еді. Қатал климаттық жағдайларда жапондардың еңбек нәтижелерінің көрсеткіштері 50–60 пайыздан аспайтын. Сібірмен салыстырғанда Қазақ КСР-нің жұмсақ климатында мәжбүрлі еңбек еткен жапондар қанағаттанарлық еңбек нәтижесін көрсетті.

### **Қорытынды**

Қазақ КСР экономикасына жапон әскери тұтқындарын пайдалану КСРО-ның соғыстан кейінгі саясатының маңызды құрамдас бөлігі болды. Кеңес мемлекетінің соғыс тұтқындарына қатысты ұстанған саясаты оның идеологиясынан, болмысынан туындады. Жапон соғыс тұтқындарының құқығы 1929 жылғы әскери тұтқындарды ұстау нормаларын реттейтін Женева конвенциясымен анықталды. Конвенция аясына тұтқынның өмір сүру құқығы, тұтқынға адамгершілікпен қарау, медициналық көмек, гуманитарлық стандарттарға сай ұстау шарттары кірген.

Жапон соғыс тұтқындарының Қазақстандағы лагерьлерде ұсталуы және тау-кен кәсіпорындарында, тұрғын үй және қоғамдық нысандар құрылысында еңбек етуі КСРО-ның арнайы органдарымен орталықтан реттеліп, бақыланып отырды. Кеңестік Қазақстанда соғыс тұтқындарына арнайы ұйымдастырылған кейбір лагерьлер тұрақты жұмыс істеді, ал басқалары нақты мақсатқа жету үшін қысқа мерзімге құрылды. Архив деректеріне сүйене отырып, Кеңестік Қазақстан лагерьлеріндегі жапон соғыс тұтқындарына қатысты режим репрессиялық сипатта болды, - деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, КСРО лагерьлеріндегі жапон соғыс тұтқындарының өлім-жітім көрсеткіші жалпы алғанда 10 пайыз болса, Қазақстан аумағындағы лагерьлердегі жапон соғыс тұтқындарының өлім-жітім статистикасы төмен болды. «КСРО-ға интернация жасалған жапондарды қолдау және құжаттау» орталығының басшысы Аримицу Кен 2025 жылдың мамыр айында Жапониядағы Қазақстан елшісімен кездесуінде Қазақстанның еңбек лагерьлеріндегі өлім-жітім деңгейі 2,5 пайыз болғанын атап өтті.

1956 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі жапон соғыс тұтқындарына амнистия жасау туралы жарлық шығарды (Военнопленные, 2000: 986). Төртінші бесжылдық аяқталғаннан кейін жапон соғыс тұтқындарының басым көпшілігі еліне қайтарылды. Одақтас державалар жапон әскери тұтқындарына Отанына оралған бойда еңбек куәліктерін беріп, олардың өз елінде өтемақы алуына мүмкіндік жасады. Кеңес Одағы мұндай куәліктерді бере алмады, соның салдарынан КСРО-дағы жапон әскери тұтқындары өтемақы алмады. КСРО-дағы қаржылық және валюталық шектеулерге байланысты соғыс тұтқындарына ақшаларын сыртқа шығаруға тыйым салынды. Осы және басқа да саяси себептерге байланысты КСРО-да болған соғыс тұтқындарына берілетін еңбек куәлігі мәселесі шешілмей қалды.

Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы 1991 жылғы Келісімге сәйкес, жапон әскери тұтқындарын реабилитациялау бойынша бірқатар шаралар іске асты. 1991 жылға дейін Қазақ КСР-і КСРО-ның оңалтуға қатысты жалпы жарғылары мен заңдары шеңберінде әрекет етті. 1991 жылы «Жапонияның бұрынғы соғыс тұтқындары» қауымдастығының президенті Сайто Рокуроның қатысуымен Қазақстан Республикасының басшылығына қайтыс болған жапон соғыс тұтқындарының жерлеу орындарын белгілеу және олардың Қазақстан

Республикасында орналасқан лагерьлердегі еңбегін растайтын анықтамалар беру туралы өтініш білдірді.

Қазақстан Республикасы жапон соғыс тұтқындарының жерлеу орындарын тарихи ескерткіш ретінде сақтауға мұқият назар аударады. Қазақстанға соғыс тұтқындарына қатысты мәселелерді көтерген жапон сарапшылары мен тұтқындардың туыстарынан құралған отыздан астам делегация келді, үкіметтік деңгейде төрт ірі кездесу болды. Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Кентау қалаларында қайтыс болған жапон соғыс тұтқындарына арналған ескерткіштер орнатылды. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 80 жылдығына орай Қазақстандағы жапон соғыс тұтқындарының тағдырына арналған бірқатар мәдени іс-шаралар іске асырылды.

Қазақстан қалаларындағы сәулет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген ғимараттар жапон соғыс тұтқындарының сапалы жұмыстарының дәлелі. Жалпы алғанда, қиындықтар мен қатал жағдайларға қарамастан, жапон соғыс тұтқындары Қазақ КСР экономикасының дамуына зор үлес қосты.

#### Sources

APRK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan  
SARF — State Archives of the Russian Federation

#### Деректер

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві  
РФМА — Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архиві

#### References

- Abylkhanov, 2005 — *Abylkhanov D.M.* Yaponskiye voyennoplennyye v Kazakhstane (1945–1953) [Japanese prisoners of war in Kazakhstan (1945–1953)] // *Semipalatinsk State Pedagogical Institute Bulletin*, 2005. No. 2(3). Pp. 12–18. (In Russ.).
- Aldazhumanov, 1998 — *Aldazhumanov K.S.* Trudarmeysy Kazakhstana: istoriya i sud'by [Kazakhstan's Labor Army Soldiers: History and Fates] // *Feniks*, 1998. No. 21. Pp. 222–239. (In Russ.).
- Barshay, 2013 — *Barshay Andrew.* The Gods Left First: The Captivity and Repatriation of Japanese POWs in Northeast Asia, 1945–1956. Berkley: University of California Press, 2013. 272 p.
- Bazarov, 1997 — *Bazarov O.D.* Ispol'zovaniye truda yaponskikh voyennoplennykh v narodnom khozyaystve Buryatii (1945–1948 gg.) [The use of Japanese prisoners of war in the national economy of Buryatia (1945–1948)] // *Istoricheskoye, kul'turnoye i prirodnoye naslediye (sostoyaniye, problemy, translyatsiya)*. Vypusk II. Ulan-Ude: VSGAKI, 1997. Pp. 55–64. (In Russ.).
- Bekmagambetov, 2014 — *Bekmagambetov R.K.* Voyennoplennyye na territorii Kazakhstana. [Prisoners of war on the territory of Kazakhstan]. Kostanay: Kostanayskaya akademiya MVD RK, 2014. 166 p. (In Russ.).
- Bekmagambetov, Bekmagambetova, 2014 — *Bekmagambetov R., Bekmagambetova M.* Inostrannyye voyennoplennyye vtoroy mirovoy voyny v Kazakhstane [Foreign prisoners of war of World War II in Kazakhstan.]. M.: LAP Lambert Academic Publishing, 2014. 212 p. (In Russ.).
- Bondarenko, 2002 — *Bondarenko Ye.YU.* Inostrannyye voyennoplennyye na Dal'nem Vostoke Rossii (1914–1956) [Foreign prisoners of war in the Russian Far East (1914–1956)]. Vladivostok: Izdatel'stvo Dal'nevostochnogo universiteta, 2002. 228 p. (In Russ.).
- Dil'manov, 2002 — *Dil'manov S.D.* Ispravitel'no-trudovyye lagerya NKVD-MVD SSSR na territorii Kazakhstan (30–50-ye gody KHKH veka): dis. na soiskaniye uchenoy stepeni doktora istoricheskikh nauk: 07.00.02 [Correctional labor camps of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (1930s–50s): dis. for the degree of Doctor of Historical Sciences: 07.00.02.]. Almaty, 2002. 344 p. (In Russ.).
- Galitskiy, 1990 — *Galitskiy V.P.* Yaponskiye voyennoplennyye v SSSR: pravda i domysly [Japanese prisoners of war in the USSR: truth and fiction] // *Voyenno-istoricheskiy zhurnal*. 1990. No. 9. 66 p. (In Russ.).
- Galitskiy, 1999 — *Galitskiy V.P.* Yaponskiye voyennoplennyye i internirovannyye v SSSR [Japanese prisoners of war and internees in the USSR] // *Novaya i noveyshaya istoriya*. 1999. No. 3. Pp. 18–33. (In Russ.).
- Guchinova, 2016 — *Guchinova E.B.* Risovat' lager'. YAzyk travmy i pamyati yaponskikh voyennoplennykh o SSSR [Drawing the Camp: The Language of Trauma and Memory of Japanese POWs in the USSR]. Sapporo: Slavic-Eurasian Research Center Hokkaido University, 2016. 220 p. (In Russ.).
- Japanese Internees, 2008 — *Japanese Internees and Forced Labor in the USSR after the Second World War*. Tokyo: Public Foundation for Peace and Consolation, 2008. 800 p.
- Kasymbek, 1998 — *Kasymbek Zh.K.* Voyennoplennyye v Kazakhstane [Prisoners of war in Kazakhstan] // *ZHüldyz*, 1992. No. 4. Pp. 206–208 (In Russ.).

- Kim, 2016 — *Kim S.P.* Yaponskiye voyennoplennyye na territorii Sovetskogo Soyuz (1945–1956 gg.) [Japanese prisoners of war on the territory of the Soviet Union (1945–1956). Abstract of Cand. Sci. (History) dissertation.]. Avtoref. diss. kand. ist. nauk. M., 2016. 28 p. (In Russ.).
- Kozybayev, 2000 — *Kozybayev M.K.* Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski. V 2-kh knigakh [Kazakhstan at the Turn of the Century: Reflections and Searches. In two books]. Almaty: Gylym, 2000. 388 s. (In Russ.).
- Kuz'minykh, 2016 — *Kuz'minykh A.L.* Voyennyy plen i internirovannyye v SSSR (1939–1956 gody). Monografiya [War captivity and internees in the USSR (1939–1956). Monograph.]. Vologda: Drevnosti Severa, 2016. 527 p. (In Russ.).
- Kuznetsov, 1997 — *Kuznetsov S.I.* Yaponsy v sibirskom plenu (1945–1956 gg.) [Japanese in Siberian captivity (1945–1956)]. Irkutsk: Izd-vo zhurnala «Sibir», 1997. 261 p. (In Russ.).
- Markdorf, 2008 — *Markdorf N.M.* Organizatsiya lechebnogo dela i trudoispol'zovaniya inostrannykh voyennoplennykh v Zapadnoy Sibiri v 1943–1948 gg. (na primere Altayskogo kraya) [Organization of medical care and employment of foreign prisoners of war in Western Siberia in 1943–1948 (using the Altai Territory as an example)] // *Izvestiya Samarskogo nauchnogo tsentra Rossiyskoy akademii nauk*, 2008. T. 10. No. 4. Pp. 1131–1140. (In Russ.).
- Markdorf, 2010 — *Markdorf N.M.* Organizatsiya meditsinskogo kontrolya za trudovym ispol'zovaniyem inostrannykh voyennoplennykh v Zapadnoy Sibiri posle okonchaniya Vtoroy mirovoy voyny [Organization of medical supervision of the labor use of foreign prisoners of war in Western Siberia after the end of World War II] // *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta*, 2010. No. 1. Pp. 218–223. (In Russ.).
- Mikheyeva, 2007 — *Mikheyeva L.V.* Inostrannyye voyennoplennyye i internirovannyye v Tsentral'nom Kazakhstane (1941 – nachalo 50-kh gg. KHKH veka): avtoref. diss. kand. istor. nauk: 07.00.02 (Istoriya Respubliki Kazakhstan) [Foreign prisoners of war and internees in Central Kazakhstan (1941 – early 1950s): Abstract of a PhD dissertation in history: 07.00.02 (History of the Republic of Kazakhstan)]. Karaganda, 2007. 30 p. (In Russ.).
- Nimmo, 1988 — *Nimmo William F.* Behind A Curtain of Silence: Japanese in Soviet Custody, 1945–1956. Westport, Conn.: Greenwood Press, 1988. 149 p.
- Orlov, 2008 — *Orlov M.A.* Inostrannyye voyennoplennyye v Altayskom kraye: osnovnyye ob'yekty rabot (1945–1948 gg.) [Foreign prisoners of war in the Altai region: main objects of work (1945–1948)] // *Intellektual'nyy i industrial'nyy potentsial regionov Rossii. Kemerovo*, 2008. Pp. 154–157. (In Russ.).
- Sbornik dokumentov, 1984 — *Potsdamskaya deklaratsiya: Deklaratsiya glav pravitel'stv Soyedinennykh Shtatov, Soyedinennogo Korolevstva i Kitaya o Yaponii* [Potsdam Declaration: Declaration by the Heads of Government of the United States, the United Kingdom, and China concerning Japan] // *Sbornik dokumentov «Sovetskiy Soyuz na mezhdunarodnykh konferentsiyakh perioda Velikoy Otechestvennoy Voyny 1941–1945»*. Vol 6. Berlin (Potsdam) conference of the three alias countries' leaders – USSR, USA and Great Britain (17 Jule – 2 August, 1945). Moscow: Political literature publishing house, 1984. Pp. 357–359. (In Russ.).
- Shindji, 2013 — *Shindji Yokote.* Soviet repatriation policy, U.S. occupation authorities, and Japan's Entry into the Cold War // *Journal of Cold War Studies*. Vol. 15: Issue 2. 2013. Pp. 30–50.
- Shirshv, 2018 — *Shirshv N.A.* Rol' yaponskikh voyennoplennykh v funktsionirovanii ekonomiki Altayskogo kraya v 1945–1956 gg. [The role of Japanese prisoners of war in the functioning of the economy of the Altai Territory in 1945–1956] // *Aktual'nyye voprosy funktsionirovaniya ekonomiki Altayskogo kraya (Barnaul)* [Topical Issues of the Altai region economy functioning], 2018. No. 10. Pp. 197–206. (In Russ.).
- Sidorov, 2001 — *Sidorov S.G.* Trud voyennoplennykh v SSSR, 1939–1956 gg [Labor of prisoners of war in the USSR, 1939–1956]. Volgograd: VolGU, 2001. 508 p. (In Russ.).
- Takesi, 2011 — *Tomita Takesi.* Arkhivnyye dokumenty o yaponskikh voyennoplennykh v Sovetskom Soyuze, 1945–1956 g. (perevod Kuznetsova S.I.) [Archival documents on Japanese prisoners of war in the Soviet Union, 1945–1956 (translated by S.I. Kuznetsov)] // *Sibirskaya slyka*. Vyp. 6 (18). Irkutsk, 2011. Pp. 592–609. (In Russ.).
- Vitvitskiy, 1993 — *Vitvitskiy P.* Yaponskiye voyennoplennyye v Alma-Ata [Japanese prisoners of war in Alma-Ata] // *Kazakhstanskaya pravda*. 2 noyabrya 1993 goda. No. 231 (21.456). (In Russ.).
- Voyennoplennyye, 2000 — *Voyennoplennyye v SSSR, 1939–1956: dokumenty i materialy* [Prisoners of war in the USSR, 1939–1956: documents and materials]. Saint Petersburg: Logos, 2000. 1120 p. (In Russ.).
- Yaponskiye voyennoplennyye, 2011 — *Yaponskiye voyennoplennyye v Karagadinskoy oblasti*. Pod obshch. red.: N.O. Dulatbekova [Japanese prisoners of war in the Karaganda region. Edited by N.O. Dulatbekova]. Karagandy: «Bolashak» Karaganda university, 2011. 1239 p. (In Russ.).
- Yaponskiye voyennoplennyye, 2013 — *Yaponskiye voyennoplennyye v SSSR: 1945–1956. Sbornik dokumentov* [Japanese Prisoners of War in the USSR: 1945–1956. A Collection of Documents]. Sostaviteli: V.A. Gavrilov, Ye.L. Katasonova. Moscow: MFD, 2013. 784 p. (In Russ.).
- Yeleukhanova, 2009 — *Yeleukhanova S.V.* Istoriya Karlaga: okhrana, rezhim i usloviya sodержaniya zaklyuchennykh (1930–1956 gg.): avtoreferat dissertatsii kandidata istoricheskikh nauk: 07.00.02. Otechestvennaya istoriya [History of Karlag: security, regime and conditions of detention of prisoners (1930–1956): abstract of the dissertation of a candidate of historical sciences: 07.00.02. – Domestic history]. Karaganda, 2009. 30 p. (In Russ.).
- Zhanbosinova, 2011 — *Zhanbosinova A.S.* K voprosu o chislennosti yaponskikh voyennoplennykh v Vostochnom Kazakhstane [On the number of Japanese prisoners of war in East Kazakhstan] // *Mir Yevrazii*. 2011. No. 3 (14). Pp. 29–32. (In Russ.).

Zhanbosinova, 2014 — *Zhanbosinova A.S. Voyennoplennyye v lageryakh Vostochnogo Kazakhstana po materialam regional'nykh istochnikov* [Prisoners of war in the camps of Eastern Kazakhstan, based on materials from regional sources] // *Mir Yevrazii*. 2014. No. 2. Pp. 24–29. (In Russ.).

Zhanguttin, 2008 — *Zhanguttin B.O. GUPVI: voyennoplennyye i internirovannyye na territorii Kazakhstana (1941–1951 gg.)* [GUPVI: prisoners of war and internees on the territory of Kazakhstan (1941–1951)] // *Otechestvennaya istoriya*. 2008. No. 2. Pp. 107–114. (In Russ.).

Zhenevskaya konventsia, 1957 — *Zhenevskaya konventsia ob obrashchenii s voyennoplennymi 12 avgusta 1949 g.* [Geneva Convention relative to the Treatment of Prisoners of War, August 12, 1949] // *Mezhdunarodnoye pravo v izbrannykh dokumentakh*. Vol. 3. Comp. by: Modzhoryan L.A., Sobakin V.K. Ex. ed.: Durdenevskiy V.N. Moscow: IMO, 1957. 415 p. (In Russ.).

五十嵐 恵邦『敗戦と戦後のあいだで: 遅れて帰りし者たち』東京: 筑摩書房, 2012. 336 ページ. Yosikuni, 2012 — *Igarasi Yosikuni. Mezhdurazheniyem i poslevoyennym periodom: Te, kto vernulsya pozdno* [Between Defeat and the Post-War Period: Those Who Returned Late]. Tokio: Chikuma Shobo, 2012. 336 stranits. (In Japan.).

栗原俊雄『シベリア抑留: 未完の悲劇』東京: 岩波書店, 2009. 214 ページ. Kurikhara, 2009 — *Tosio Kurikhara. Sibirskoye internirovaniye: nezakonchennaya tragediya* [Siberian Internment: An Unfinished Tragedy]. Tokio: Ivanami Shoten, 2009. 214 p. (In Japan.).

若槻泰雄『シベリア捕虜収容所ソ連』東京: サイマル出版会, 1979. 228 ページ. Yasuo, 1979 — *Vakatsuki Yasuo. Sibirskiye lagerya dlya voyennoplennykh v Sovetskom Soyuze* [Siberian prisoner-of-war camps in the Soviet Union]. Tokio: Simul Publishing, 1979. 228 p. (In Japan.).

軍治阿部『シベリア強制抑留の実態』東京: 彩流社, 2005. 687 ページ. Abe, 2005 — *Gundzhi Abe. Real'nost' sibirskogo internirovaniya* [The reality of Siberian internment]. Tokio: Sayryusha, 2005. 687 p. (In Japan.).

#### Әдебиеттер тізімі

Абылханов, 2005 — *Абылханов Д.М. Японские военнопленные в Казахстане (1945–1953)* // *Вестник Семипалатинского государственного педагогического института*, 2005. № 2(3). С. 12–18.

Алдажуманов К.С. Трудармейцы Казахстана: история и судьбы // *Феникс*, 1998. № 21. С. 222–239.

Базаров, 1997 — *Базаров О.Д. Использование труда японских военнопленных в народном хозяйстве Бурятии (1945–1948 гг.)* // *Историческое, культурное и природное наследие (состояние, проблемы, трансляция)*. Выпуск II. Улан-Удэ: ВСГАКИ, 1997. С. 55–64.

Бекмагамбетов, 2014 — *Бекмагамбетов Р.К. Военнопленные на территории Казахстана*. Костанай: Костанайская академия МВД РК, 2014. 166 с.

Бекмагамбетов, Бекмагамбетова, 2014 — *Бекмагамбетов Р., Бекмагамбетова М. Иностранцы военнопленные второй мировой войны в Казахстане*. М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2014. 212 с.

Бондаренко, 2002 — *Бондаренко Е.Ю. Иностранцы военнопленные на Дальнем Востоке России (1914–1956)*. Владивосток: Издательство Дальневосточного университета, 2002. 228 с.

Витвицкий, 1993 — *Витвицкий П. Японские военнопленные в Алма-Ате* // *Казахстанская правда*. 2 ноября 1993 года. № 231 (21.456).

Военнопленные, 2000 — *Военнопленные в СССР, 1939–1956: документы и материалы*. Спб.: Логос, 2000. 1120 с.

Галицкий, 1990 — *Галицкий В.П. Японские военнопленные в СССР: правда и домыслы* // *Военно-исторический журнал*. 1990. № 9. С. 66.

Галицкий, 1999 — *Галицкий В.П. Японские военнопленные и интернированные в СССР* // *Новая и новейшая история*. 1999. № 3. С. 18–33.

Гучинова, 2016 — *Гучинова Э.Б. Рисовать лагерь. Язык травмы и памяти японских военнопленных о СССР*. Sapporo: Slavic-Eurasian Research Center Hokkaido University, 2016. 220 с.

Дильманов, 2002 — *Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30–50-е годы XX века): дис. на соискание ученой степени доктора исторических наук: 07.00.02*. Алматы, 2002. 344 с.

Елеуханова, 2009 — *Елеуханова С.В. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных (1930–1956 гг.): автореферат диссертации кандидата исторических наук: 07.00.02*. – *Отечественная история*. Караганда, 2009. 30 с.

Жанбосинова, 2011 — *Жанбосинова А.С. К вопросу о численности японских военнопленных в Восточном Казахстане* // *Мир Евразии*. 2011. № 3 (14). С. 29–32.

Жанбосинова, 2014 — *Жанбосинова А.С. Военнопленные в лагерях Восточного Казахстана по материалам региональных источников* // *Мир Евразии*. 2014. № 2. С. 24–29.

Жангуттин, 2008 — *Жангуттин Б.О. ГУПВИ: военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1941–1951 гг.)* // *Отечественная история*. 2008. № 2. С. 107–114.

Женевская конвенция, 1957 — *Женевская конвенция об обращении с военнопленными 12 августа 1949 г.* // *Международное право в избранных документах*. Т. 3. Сост.: Моджорян Л.А., Собакин В.К. Отв. ред.: Дурденевский В.Н. М.: Изд-во ИМО, 1957. 415 с.

Касымбек, 1998 — *Касымбек Ж.К. Военнопленные в Казахстане* // *Жұлдыз*, 1992. № 4. С. 206–208

- Ким, 2016 — *Ким С.П.* Японские военнопленные на территории Советского Союза (1945–1956 гг.). Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 2016. 28 с.
- Козыбаев, 2000 — *Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2-х книгах. Алматы: Ғылым, 2000. 388 с.
- Кузнецов, 1997 — *Кузнецов С.И.* Японцы в сибирском плену (1945–1956 гг.). Иркутск: Изд-во журнала «Сибирь», 1997. 261 с.
- Кузьминых, 2016 — *Кузьминых А.Л.* Военный плен и интернированные в СССР (1939–1956 годы). Монография. Вологда: Древности Севера, 2016. 527 с.
- Маркдорф, 2008 — *Маркдорф Н.М.* Организация лечебного дела и трудоустройства иностранных военнопленных в Западной Сибири в 1943–1948 гг. (на примере Алтайского края) // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, 2008. Т. 10. № 4. С. 1131–1140.
- Маркдорф, 2010 — *Маркдорф Н.М.* Организация медицинского контроля за трудовым использованием иностранных военнопленных в Западной Сибири после окончания Второй мировой войны // Вестник Кемеровского государственного университета, 2010. № 1. С. 218–223.
- Михеева, 2007 — *Михеева Л.В.* Иностранные военнопленные и интернированные в Центральном Казахстане (1941 – начало 50-х гг. XX века): автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.02 (История Республики Казахстан). Караганда, 2007. 30 с.
- Орлов, 2008 — *Орлов М.А.* Иностранные военнопленные в Алтайском крае: основные объекты работ (1945–1948 гг.) // Интеллектуальный и индустриальный потенциал регионов России. Кемерово, 2008. С. 154–157.
- Сборник документов, 1984 — *Потсдамская декларация: Декларация глав правительств Соединенных Штатов, Соединенного Королевства и Китая о Японии* // Сборник документов «Советский Союз на международных конференциях периода Великой Отечественной Войны 1941–1945». Том 6. Берлинская (Потсдамская) конференция руководителей трех союзных держав – СССР, США и Великобритании (17 июля – 2 августа 1945 г.). М.: Издательство политической литературы, 1984. С. 357–359.
- Сидоров, 2001 — *Сидоров С.Г.* Труд военнопленных в СССР, 1939–1956 гг. Волгоград: Издательство ВолГУ, 2001. 508 с.
- Такэси, 2011 — *Томита Такэси.* Архивные документы о японских военнопленных в Советском Союзе, 1945–1956 г. (перевод Кузнецова С.И.) // Сибирская ссылка. Вып. 6 (18). Иркутск, 2011. С. 592–609.
- Ширшев, 2018 — *Ширшев Н.А.* Роль японских военнопленных в функционировании экономики Алтайского края в 1945–1956 гг. // Актуальные вопросы функционирования экономики Алтайского края (Барнаул), 2018. № 10. С. 197–206.
- Японские военнопленные, 2011 — *Японские военнопленные* в Карагандинской области. Под общ. ред.: Н.О. Дулатбекова. Караганды: Карагандинский университет «Болашақ», 2011. 1239 с.
- Японские военнопленные, 2013 — *Японские военнопленные* в СССР: 1945–1956. Сборник документов. Составители: В.А. Гаврилов, Е.Л. Катасонова. М.: МФД, 2013. 784 с.
- Barshay, 2013 — *Barshay Andrew.* The Gods Left First: The Captivity and Repatriation of Japanese POWs in Northeast Asia, 1945–1956. Berkley: University of California Press, 2013. 272 p.
- Japanese Internees, 2008 — *Japanese Internees and Forced Labor in the USSR after the Second World War.* Tokyo: Public Foundation for Peace and Consolation, 2008. 800 p.
- Nimmo, 1988 — *Nimmo William F.* Behind A Curtain of Silence: Japanese in Soviet Custody, 1945–1956. Westport, Conn.: Greenwood Press, 1988. 149 p.
- Shindji, 2013 — *Shindji Yokote.* Soviet repatriation policy, U.S. occupation authorities, and Japan’s Entry into the Cold War // *Journal of Cold War Studies.* Vol. 15: Issue 2. 2013. Pp. 30–50.
- 五十嵐 恵邦 『敗戦と戦後のあいだで: 遅れて帰りし者たち』 東京: 筑摩書房, 2012. 336 ページ. Ёсикуни, 2012 — [*Игараси Ёсикуни.* Между поражением и послевоенным периодом: Те, кто вернулся поздно]. Токио: Chikuma Shobo, 2012. 336 страниц. (Жапон тілінде)
- 栗原俊雄 『シベリア抑留: 未完の悲劇』 東京: 岩波書店, 2009. 214 ページ. Курихара, 2009 — [*Тосио Курихара.* Сибирское интернирование: незаконченная трагедия]. Токио: Иванами Шотен, 2009. 214 страниц. (Жапон тілінде)
- 若槻泰雄 『シベリア捕虜収容所ソ連』 東京: サイマル出版会, 1979. 228 ページ. Ясуо, 1979 — [*Вакаицуки Ясуо.* Сибирские лагеря для военнопленных в Советском Союзе]. Токио: Simul Publishing, 1979. 228 страниц. (Жапон тілінде)
- 軍治阿部 『シベリア強制抑留の実態』 東京: 彩流社, 2005. 687 ページ. Абэ, 2005 — [*Гундзи Абэ.* Реальность сибирского интернирования]. Токио: Saigyusha, 2005. 687 страниц. (Жапон тілінде)

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A.</b> FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) .....	7
<b>Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.</b> THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
<b>Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.</b> THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

## HISTORY

<b>Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
<b>Barin E., Satayeva B.</b> THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
<b>Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.</b> THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
<b>Zholdassuly T., Madelkhanova M.</b> THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
<b>Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.</b> SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	111
<b>Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.</b> FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	125
<b>Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.</b> DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	139
<b>Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.</b> AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	155
<b>Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.</b> POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	169
<b>Mukhatova O.Kh., Seffat D.</b> KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES .....	182
<b>Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.</b> FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	195
<b>Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.</b> SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	211
<b>Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.</b> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
<b>Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	241
<b>Teleuova E.T., Zhumadil A.K.</b> THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	256

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.</b> KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	270
<b>Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.</b> THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	282

**МАЗМҰНЫ****ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ**

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....</b>	<b>36</b>

**ТАРИХ**

<b>Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>62</b>
<b>Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>111</b>
<b>Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....</b>	<b>125</b>
<b>Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....</b>	<b>139</b>
<b>Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....</b>	<b>155</b>
<b>Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....</b>	<b>169</b>
<b>Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....</b>	<b>182</b>
<b>Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....</b>	<b>195</b>
<b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....</b>	<b>211</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b>	<b>241</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....</b>	<b>256</b>

**ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ**

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>270</b>
<b>Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....</b>	<b>282</b>

## СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.</b> «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
<b>Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А.</b> ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.</b> ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

### ИСТОРИЯ

<b>Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.</b> КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
<b>Барын Е., Сагаева Б.</b> КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
<b>Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И.</b> БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
<b>Жолдасулы Т., Маделханова М.</b> СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
<b>Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х.</b> СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	111
<b>Кокебаева Г.К., Бисембайулы М.</b> ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	125
<b>Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е.</b> ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	139
<b>Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М.</b> АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	155
<b>Мукаметханулы Н., Курбанали Ж.</b> ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	169
<b>Мухатова О.Х., Сеффат Д.</b> КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	182
<b>Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З.</b> СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	195
<b>Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	211
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.</b> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.</b> ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	241
<b>Телеуова Э.Т., Жумадил А.К.</b> ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	256

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.</b> КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	270
<b>Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А.</b> ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	282

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13 (1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй